

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 257 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 845 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 257 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 11, 137-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесінде:

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "802700000 (сегіз жүз екі миллион жеті жүз мың)" деген сөздер "830783000 (сегіз жүз отыз миллион жеті жүз сексен үш мың)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) тармақшадағы "547700000 (бес жүз қырық жеті миллион жеті жүз мың)" деген сөздер "575783000 (бес жүз жетпіс бес миллион жеті жүз сексен үш мың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы